

Құрманғазы ауданы Дыңғызыл селолық округінің Қызылоба ауылын Ғизат Әліпов ауылы деп қайта атау туралы

Атырау облысының әкімиятының 2010 жылғы 9 маусымдағы N 139 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 2 шілдедегі N 340-IV шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2010 жылғы 26 шілдеде N 2568 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 27-баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының

11-бабының 4-тармағына сәйкес және облыстық ономастикалық комиссияның 2010 жылғы 14 мамырдағы № 3 ұйғарымы негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және

о б л ы с т ы қ **м ә с л и х а т** **Ш Е Ш Т І :**

1. Құрманғазы ауданы Дыңғызыл ауылдық округінің Қызылоба ауылы Ғизат Әліпов ауылы **б о л ы п** **қ а й т а** **а т а л с ы н .**

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы әкімінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) .

2. Құрманғазы ауданының әкімі облыс әкімдігінің осы қаулысы мен облыстық мәслихаттың шешімін жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды алсын.

3. Облыс әкімдігі мен облыстық мәслихаттың осы бірлескен қаулысы мен шешімі ол ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Рысқалиев

Облыстық мәслихаттың ХХІІІ

сессиясының төрағасы

О. Қаршегенов

Облыстық мәслихат хатшысы

Ж. Дүйсенғалиев